

«Астана Медициналық Университеті» АҚ
«Құқық негіздері мен сот медицинасы» кафедрасы

Іскерлік ойын

Тақырыбы: ҚР кәсіпкерліктің құқық негіздері

Орындаған: Төңірберген Ж.

Пердебек М. 123 топ

Қабылдаған: Муканова А.Б.



Астана-2014

Жұмыс барысы:

- Топтағы барлық топтар 3 топтамаға бөлінеді.
- Әр топ өздерінің кәсіпорындарына Аттарын қояды
- Әр топ өз кәсіпорнына басшыны сайлайды
- ❖ Басшы кәсіпорынның қай азаматты жауап беретінің қадағалап, сәйкесінше өзіде жауап береді.
- ❖ Жақсы қалыптасқан топқа, басшыға іскерлік ойынның соңында 15 ұпай қосылды
 - Әр топқа парақтары мен қаламсаптары болу керек.
 - Ойын кезеңі.
 - Әр топ кезекпен матрицадағы бір санды тандап, ішінде тұрған сұраққа жауап беруі керек
- ❖ 4x4 Матрицада 16 сұрақ берілген.
- ❖ Арасында жағдайлы есептер кездеседі.
- ❖ Сұрақтың күрделігіне қарап ұпай қойылады(5 ұпай – 1ден-4 сұраққа дейін; 10 ұпай 5тен-8; 15 ұпай 9дан-12 және 20 ұпай 13тен-16).
- ❖ Жағдайлық есепке 20ұпайдан қойылады. Сурақтарда жағайлы есепте □ символы тұрады
 - Әр сұраққа 3 минуттан беріледі.
- ❖ Егер сұрақ матрицанның 4 тобынан болса, онда оларға 5 минут беріледі
- ❖ Жағдайлы сурақтарға 4 минут беріледі.



- Ойын кезінде әр топ кезекпен-кезек жауап береді.
- ❖ Егер бір топ жауап бере алмаса, басқа топқа жауап беруге мүмкіндік беріледі(бірақ егер сұрақтар 5 ұпайдан жоғары болса, жауап берген топқа 5 ұпай кемітіліп қойылады).
- ❖ Жауаптарытары ұйымдастырушымен бірдей болу керек емес. Ұпай сұраққа қалай жауап берілгеніне қойылады.
- Әр жауап берілген топтың ұпайы жазылып отырады.
- Ойын сонында
- Әр топтың ұпайлары саналады.
- Жеңген топқа сыйлық беріледі



1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

11

12

13

14

15

16



5 ұпай

- 1)Кәсіпкерлік құқық дегеніміз не?
- 2)Зансыз кәсіпкерлік дегеніміз не?
- 3)Кәсіпкерлік 3 түрін атаныз
- 4)□ Бизнеске әлі үйренбеген Асқар, бірінші рет кәсіпорынмен келісім шартқа отырғысы келеді. Оған кәсіпорын келісім шартты береді, Асқар келісім шартты алды да, қолын қоя салды. Содан біраз өткен соң, Асқар қарыздарға кіріп кетеді. Асқар қай жерден қате жіберді?



10 ұпай

- 5) □ «SkyDream» жалған кәсіпорын «Nikon» компаниясына келісім шартқа отырғысы келеді. Nikon компаниясы күмәні болып оларды тексереді. Олар жалған болып шықты. Сұрақ: «SkyDream» кәсіпорны қандай жауапкершілікке тартылады?
- 6) Ірі кәсіпкерлік немесе бизнеске түсінік берініз?
- 7) Келісім шартқа сипаттама?
- 8) Жалға алу (аренда) дегеніміз не?



15 ұпай

- 9)Өзіндік және бірлескен кәсіпкерлікке түсінік
- 10)Жеке кәсіпкерлік субъектілерін атаныз.
- 11)Кәсіпкерлік іс дегеніміз не?
- 12)Коммерциялық кәсіпкерлік сипаттама?



20 ұпай

- 13) Франчайзинг дегеніміз не?
- 14)Рентинг және Хайринг дегеніміз не?
- 15) Жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауапкершілік ірі зиян келтірілген кезде туындайды. Ірі зиян ұғымы ҚК-нің қай бапта берілген
- 16) Бонификация және Рефакция дегеніміз не?



- Сұрақ жауаптары
- 1) Кәсіпкерлік құқық дегеніміз – кәсіпкерлік қатынастармен тығыз байланысты коммерциялық емес, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және тағы да басқа қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиыны.
- 2) Заңсыз кәсіпкерлік – кәсіпкерлік әрекетті заңдастырмай, тіркеуден өткізбей, лицензиясыз жүзеге асыру жағдайы табылады.
- 3) Шағын, орта және кәсіпкерлік
- 4) Келісім шартты оқымай қол қоя салды. Келісім шартқа қол қояр алдында оны оқып, кәсіпорынның адамымен талқылау керек.
- 5) Егер жалған кәсіпорын арнайы алаяқтық мақсаттарға пайдалану үшін құрылса, бұл қылмыстар қол сұғушылықтың объектілері мен көздейтін мақсаттары бойынша ерекшеленетіндіктен кінәлінің әрекеттерін ҚК 177 және 192-баптарының жиынтығы бойынша қарастырылады.
- 6) Ірі кәсіпкерлік немесе бизнес – дегеніміз заңды тұлға құра отырып, жұмысшыларының саны 250 адамнан асатын және жыл бойғы активтерінің орташа жылдық құны ҚР бюджет туралы заңында белгіленгендей 325 мың еселенген айлық көрсеткіштен асатын кәсіпкерлік іс – әрекетті айтамыз.



- 7) Келісім шарт – іскерлік байланыстарды бекіту формасы (жазбаша, құжат түрінде)
- 8) Жалға алу (аренда) – белгілі бір бағаға мүлікті уақытша қолдануын шарт негізінде бекіту. Жалға алу шартында екі жақ қатысады: жалға беруші және жалға алушы.
- 9)Өзіндік кәсіпкерлік – бір азамат меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі мүлік негіздеріне, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және оған билік етіге жол беретін өзгеде құқыққа байланысты дербес жүзеге асырды.
- Бірлескен кәсіпкерлікті – азаматтар тобы ортақ меншік құқығы бойынша өздеріне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа байланысты дербес жүзеге асырады.
- 10) микробизнес субъектілері; шағын кәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі бизнес субъектілері
- 11)Кәсіпкерлік іс – мүліктік құқықтарды қоса алғандағы мүліктің жиынтығы, жеке кәсіпкер өз қызметін солардың негізінде және солар арқылы жүзеге асырады.
- 12) Коммерциялық кәсіпкерлік– жасалып шыққан өнімді өндірушіден тұтынушыға жеткізіп беретін арадағы делдалық әрекет;
- 13) Франчайзинг – ұзақ уақытқа есептелінген лицензиялық келісім.
- 14) Рентинг – бірнеше аптадан бір айға дейінгі жалға алу.
- Хайринг – бірнеше айдан бір жылға дейінгі жалға алу.
- 15) 189-бабынына
- 16) Бонификация – тауардың сапасы жақсарған кездегі бағаға үстеме.
- Рефакция – тауардың сапсы бұзылған кездегі бағалық жеңілдіктер.



Пайдаланылған әдебиеттер

- Қ.И.Оспанов – Құқық негіздері
- Қазақ Энциклопедиясы IV том
- Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл
- Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007

